Әділет

# Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен қаражат бөлу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 3 наурыздағы N 265 қаулысы

"2004 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 5 желтоқсандағы Заңына және "Қазақстан Республикасының Үкіметі резервінің қаражатын пайдаланудың тәртібін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 18 қыркүйектегі N 1408 қаулысына сәйкес әрі материалдық және моральдық залалды өтеу туралы азаматтық сот ісін жүргізу тәртібімен шығарылған сот шешімдерін орындау үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қосымшаға сәйкес сот шешімдерін орындау үшін Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне 2004 жылға арналған республикалық бюджетте Қазақстан Республикасы Үкіметінің, орталық мемлекеттік органдар мен олардың аумақтық бөлімшелерінің сот шешімдері бойынша міндеттемелерін өтеуге көзделген Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен 2306941 (екі миллион үш жүз алты мың тоғыз жүз қырық бір) теңге бөлінсін.

2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі бөлінген қаражаттың мақсатты пайдалануын бақылауды жүзеге асырсын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 3 наурыздағы N 265 қаулысына қосымша

## Азаматтық істер бойынша орындалуға тиісті сот шешімдерінің тізбесі

```
______________________________________________________________________
Р/с|Сот органының атауы мен |Талапкердің|Мемлекеттік |Мемлекеттік
N  |шешімінің күні          |Т.А.Ә.     |бажды шегер.|баж (теңге)
   |                        |           |гендегі сома|
   |                        |           |(теңге)     |
___|________________________|___________|____________|_____________
```

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 1 | Қостанай қалалық N 2 сотының 2003.23.01. шешімі | Н.Л.Гоменюк | 50413 | - |
| 2 | Қызылорда қалалық сотының 2001.29.06. шешімі | Б.Жүсіпов | 1476182 | - |
| 3 | Астана қаласы Сарыарқа аудандық сотының 2001.16.11. шешімі, Астана қалалық соты қадағалау алқасының 2002.22.08. қаулысы | В.В.Дьяченко | 280000 | |
| 4 | Қостанай қалалық соты. ның 2001.23.11. шешімі, Қостанай облыстық соты азаматтық істер бойынша алқасының 2002.16.01. қаулысы, Қостанай облыстық соты қадағалау алқасының 2002.25.07. қаулысы, Қостанай қаласы N 2 сотының 2003.30.09 ұйғарымы | С.К.Кинебаев | 452133 | - |
| 5 | Қостанай қалалық сотының 2001.23.11. шешімі, Қостанай облыстық соты азаматтық істер бойынша алқасының 2002.16.01. қаулысы, Қостанай қаласы N 2 сотының 2003.30.09. ұйғарымы | Қостанай қаласы N 1 заң консуль. тациясы | 48213 | - |

---

Жиыны 2306941

Жалпы сомасы 2306941

---

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК